

«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

**2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған
сценарийлер**

«Күншуақ» кіші тобы

2024-2025 оқу жылы

**«Күншуақ» кіші тобының тәрбиелік іс-шаралардың
жоспары**

№	Тәрбиелік іс-шараның тақырыбы	Өткен уақыты
1	1 қыркүйек Білім күні	Қыркүйек
2	25 қазан – Республика күні	Қазан
3	Алтын күз сыйы	Қараша
4	Біздің Отанымыз-Тәуелсіз Қазақстан!	Желтоқсан
5	Жасыл шырша жанында	Желтоқсан
6	Алғысым шексіз...	Наурыз
7	Ана деп ән салам	Наурыз
8	Қош келдің, әз Наурыз!	Наурыз
9	Мен ғарышкер боламын	Сәуір
10	Дос болайық бәріміз	Мамыр
11	7 мамыр - Отан қорғаушылар күні	Мамыр
12	Жеңіс алауы	Мамыр

«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы:

"Білім күні" мерекесі

Күншуақ кіші тобы

Дайындаған: А.Д Сүндетова

2024-2025 оқу жылы

Кіші топтағы "Білім күні" мерекесінің сценарийі

Көңілді музыка естіледі, балалар топқа кіреді, орындықтарға отырады.

Тәрбиеші. Біз қаншама бала жинадық! Олардың барлығы бүгін балабақшаға келді. Олар қандай үлкен болып өсті! Қазірдің өзінде кіші топқа ауысты. Балалар, бүгін қандай мереке? (*1 қыркүйек - Білім күні*)

Тәрбиеші.

Бүгін барлық балалар жазғы демалыстан кейін мектепке барды, бірақ сіз де жаңа топқа ауыстыңыз. Балалар, сендер балабақшада немен ойнағанды жақсы көресіңдер?

Балалар. Ойыншықтармен!

Тәрбиеші. Мен қазір сендерге олар туралы жұмбақтар айтып отырмын. Мұқият тыңдаңыз. Ұзын құлақ,

Жылдам аяқтар,

Шапшаң секіреді,

Сәбізді жақсы көреді. (*Қоян*)

Тәрбиеші. Міне, екінші жұмбақ.

Кім екенін тап: бәрі алтындай жанып жатыр,

Ол қымбат тонмен жүреді, құйрығы үлпілдек және үлкен. (*Түлкі*)

Тәрбиеші. Бізде қояндарды қуғанды ұнататын қу түлкі бар.

"Сөмке" ойыны ойналады

Тәрбиеші. Және соңғы жұмбақ.

Ол қолында қоңыраумен, ашық қызыл қалпақпен,

Ол көңілді ойыншық. Кім екенін тап? (*Ақжелкен*)

Жарайсыңдар! Енді алақандарыңды сипандар, Ақжелкен билейді! (*Ақжелкен басын теріс шайқайды.*)

Билең келмей ме? Неліктен? (*Сыбырлағандай Ақжелкенді құлағына көтереді.*) Петрушка сенің үлкен болып өскеніңді айтады, ал ол өспеді. Ақжелкен де өскісі келеді. Ал сіз Ақжелкеннің өскенін қалайсыз ба? Сонда сіз оған көмектесуіңіз керек.

Көмектесесіз бе? Үш рет дауыстап айту керек: "Ақжелкен, тез өс, бірге билегеніміз қызық!" — қол шапалақтап, көздеріңді жұмыңдар.

Балалар сиқырлы сөздерді хормен айтады. Мұғалім қолында Ақжелкенді айналдырып жатыр. Есікке жақындаған ол ойыншықты тез беріп, үлкен Ақжелкенді алып шығады.

Ақжелкен. О-о-о! Маған не болды? Мен сондай үлкен болып өстім!

Балалармен бірге көңілді әуенмен билейді.

"Саусақпен" биі

Балалар, Петрушка өзімен бірге себет алып келді, онда не жатқанын көрейік? (*балаларға арналған кішкентай орамалдар, ересектерге арналған үлкен орамал*)

"Сиқырлы орамал" ойыны ойналады.

Көңілді қозғалмалы музыка ойналады. Балалар залда еркін қозғалады, әр түрлі би қимылдарын орындайды. Кенеттен музыка тыныш, тыныштыққа ауысады. Балалар еңкейіп, алақандарымен көздерін жұмады. Ақжелкен үлкен орамалын жайып, жеңіл әуенмен жігіттерді айналып өтіп, олардың біреуін орамалмен жауып тастайды.

Ақжелкен. Рет! Екі! Үш! Ішінде кім жасырынған?

Есінеме, есінеме! Тезірек жауап беріңіз!

Балалар орамалдың астына тығылған баланың атын атайды. Егер сіз болжасаңыз, онда орамал көтеріледі. Орамал астындағы бала көтеріңкі көңіл-күймен әуенге секіреді, ал қалғандары оны шапалақтайды. Ақжелкен соңғы рет ойнағанда себетті орамалмен жауып, сөзін қайта айтады. Балалар, олардың ойыниша, орамалдың астына тығылған баланың атын атайды.

Тәрбиеші. Жоқ! Барлық балалар осында! Сонда орамалдың астына кім тығылды?

Ақжелкен. Біз оның астындағы орамалды көтеріміз, енді үйренеміз, Бұл не? Себет! Ал себетте...

Балалар. Парақшалар!

Тәрбиеші. Дұрыс, бірақ олар қандай да бір түрде ақ түсті. Балалар, жапырақтар күзге айналуы үшін не істеу керек? (әрине, оларды бояу үшін)

Жапырақтарды бояу

Ақжелкен. Біз өте көңілді болдық! Мен барлық жігіттерді жақсы көрдім. Бірақ қоштасатын кез келді. Мен не істей аламын? Істер күтіп тұр! Қош бол, балалар!

Музыка әуенімен топтан шығады, балалар оның артынан қол бұлғайды.

Мақсаты: Балаларға 1 қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөлем құра білуге үйрету.

Білім күні өткізілген іс-шаралардан



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы:

«25 қазан-Республика күні»

«Күншуақ» кіші тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «25 қазан-Республика күні»

Мақсаты: Балаларға Қазақстан туралы білім беру. Қазақстан Республикасының рәміздері туралы түсініктерін кеңейту. Қазақстан Республикасының рәміздеріне құрметпен қарауға, туған елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: Қазақстан Республикасының рәміздерінің суреті, слайд..
Әдіс-тәсілдері: көрнекілік, ойын. Видеоролик көрсету.

Шаттық шеңбері: Балалар бүгін бізге көптеген қонақтар келіпті. Қане бәріміз қонақтармен жақсылап амандасып алайық.
Білгір қазақ баласы
Сәлем сөздің анасы
Тобымызға келіп отырған
Апайларға қарашы
Бәріне де ізетпен
Иіліп сәлем береміз
Сәлеметсіздерме апайлар

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталады.
(Балалар орындарынан тұрып әнұранды айтады.
Бүгінгі тақырыбымыз: «Менің Отаным -Қазастаным» республикамыздың рәміздері туралы болады.

Кіріспе әңгіме
— Балалар, біздің Республикамыз қалай аталады?
— Бас қаламыз қай қала?
— Біздің президентіміз – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны, туы, елтаңбасы болады. Оны рәміздер деп атаймыз.
Біздің Қазақстан Республикасының Әнұранының әнін жазған Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар — Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.
Біз әнді орындаған кезде қолымызды жүректің тұсына қоямыз. Өйткені біз мемлекетімізді жүрегімізбен жақсы көреміз.

Тудың түсі — көк, тудың сол жақ жиегі қазақ халқының оюымен өрнектелген. Тудың ортасында сары түсті шұғылалы алтын күн. Алтын түспен сары түс байлықты, молшылықты білдіреді. Күннің астында бүркіт, қыран құс — еркіндік, бірліктің белгісі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы

бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар.

Сергіту сәті: Бір шаңырақ астында,
Тату-тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз.
Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан.,
Бірлік асыл мұрамыз!

— Балалар, рәміздер, қалалар туралы қандай тақпақ, мақалдар білесіңдер?

Ару: Айнымайды аспаннан,
Біздің тудың бояуы.
Оны халық қашанда,
Биікке іліп қояды.

Жігер : Елтаңбасы елімнің,
Неткен әйбат, әдемі,
Тұнығындай көңілдің,
Ортада — аспан әлемі.

Мақал-мәтелдер:
Отан-көркі жерімен,
Отан – оттан да ыстық.
Ер-жігіт ел үшін туады,
Елі үшін өледі.

Балаларға Қазақстан туралы видеоролик көрсетіледі

Ойын: «Қазақстан қалалары». Ойынның шарты: Ойынды бастаушы қолындағы допты Қазақстанның кез-келген қаласын айтып, қарсы тұрған балаға лақтырады. Допты қағып алған бала келесі қаланың атын айтып, допты тағы бір балаға лақтырады.

Қорытынды:

«Ыстық доп» әдісі.

- Бүгінгі оқу қызметі саған ұнады ма?
- Қазақстан Республикасының президенті кім?
- Рәміздер не жатады?
- Тудың түсі қандай?
- Туымызда ненің суреті бейнеленген?
- Елтаңбамызда не бейнеленген?
- Елтаңбаның пішіні неге ұқсайды?

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: Қазақстан Республикасының рәміздерін қайталайды.

Түсінеді: Қазақстан Республикасының рәміздеріне құрметпен қарауды.

Қолданады: Отан туралы, Қазақстан Республикасы туралы мақал мәтелдерді

Балаларға Қазақстан туралы білім бере отырып, Қазақстан Республикасының рәміздері туралы түсініктерін кеңейту болатын. Қазақстан Республикасының рәміздеріне құрметпен қарауға, туған елін, жерін сүйуге тәрбиелеу мақсатында тәрбие сағатын өткіздім.

25 Қазан – Республика күнінен өткен тәрбие сағатынан



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы:

АЛТЫН КҮЗ СЫЙЫ

«Күншуақ» кіші тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2024-2025 оқу жылы

Алтын күз сыйы

Мақсаты: Балаларды күз әлемімен таныстыру. Күз мезгілінде болатын ерекшеліктерді айтқызу. Балаларды күз ерекшеліктерімен таныстыру, күзгі еңбекпен таныстыру. Күз мезгіліне сай ән, тақпақтар жаттатып айтқызу. Әсем әуен ойнап тұрады. Балалар табиғат көрінісімен безендірілген залға кіреді. Қатынасатын кейіпкерлер: Жүргізуші, Алтын күз.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар!

Берекелі алтын күз құтты болсын.

Құтты болсын осы шаттық күніңіз,

Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз.

Қуанышты жүзіңізбен әрдайым,

Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.

Бүгінгі біздің «Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастауға рұхсат етіңіздер.

Жүргізуші:

Өнер десе жайнаймыз,

Сандуғаштай сайраймыз.

Алтын күзге арнаған,

Әнімізді шырқаймыз.

«Күншуақ» тобының күз мерекесіне арнап жаттаған «Күз» әнін қабыл алыңыздар!

Ән: «Күз»

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, кішкентай ғана балаларымыздың Алтын күзге жаттап келген тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Тақпақтар:

1 Қ.Али:

Келді міне күз,

Айнала сары түс.

2.Ару:

Керемет, тамаша,

Қандай әсем күз.

3.Ерасыл:

Жеміс – жидек пісті,

Қамбаға астық түсті.

4.Шырын:

Күз байлық береке,

Алтын күз мереке.

5.Камила:

Карашы күз келді,

Жапырақ жауыпты іздерді.

6.Сардар:

Думан толы асқарлы,

Күз мезгілі басталды.

7.Т.Аянат:

Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр –сыбдыр етеді.

8.Зейнаб:

Ән салындар, келіңіздер
Жайнап гүлдей жүзіндер.
Күздің тойын тойлаңдар,
Би билейік, ойнайық.

9.Сайын:

Жапырақ ұшты,
Суйық та түсті.
Сонда да бізде,
Қызық көп күзде.

Жүргізуші: Балалар, ойын ойнауға қалай қарайсыңдар? Сендермен бір қызықты ойын ойнасам деп едім.

Ойын: «Кім келді?» деп аталады. Ойнаған әуен арқылы не болмаса кім келгенін тауып қыймылмен көрсету кересіңдер. Келістікпе? Дайынсыңдарма?

1. Қоян
2. Аю
3. «Күз ханшайымы» ортаға әуенмен кіріп келеді.

Күз ханшайымы: Салем балақайлар!

Қандай әдемі болып кеткенсіңдер, тура бір күз мезгілі секілді. Мен сендерге көп сыйлық алып келдім, сыйлық алғыларың келеме? Мен сендерден тамаша бір ән тыңдағым келеді.

Ән: «Топ, топ балақай»

Қыймылмен көрсетіп орындайды.

Күз ханшайымы: балалар, мен сендермен ойын ойнағым келеді. Ненің дауысы? Кәне табыңдаршы.

1. Жел

2. Жауын

Дұрыс айтасыңдар балалар, жел соғып, жауын жауып жапырақтарды түсіріп кетіпті, кәне сол жапырақтарды жинап, айналамызды жинастырып қойайық.

Ойын: «Жапырақ жинау»

Жарайсыңдар балалар. Сендер еңбек етіп, айналаны тазалап қойдыңдар. Еңбек еткен бала сыйлық алуға лайықты.

Ғажайып сәт: Күз ханшайымы дайындаған сыйлықты тарату (алма)

Күз сый: Балалар мен ата-аналардың қолөнер бұйымдарын тамашалау

Жүргізуші: Алтын күздің бізге арнап әкелген жемістерінен дәм тататын уақыт болған сияқты. Ал, бүгінгі «Алтын күзге» арналған «Күншуақ» тобының мерекесіне уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге рахмет. Сау болыңыздар!

Қош сау болыңыздар!!

Балаларды күз мезгілінің әдемі әлемімен таныстыра отырып, Күз мезгілінде болатын ерекшеліктерді түсіндірдім. Балаларды күз ерекшеліктерімен, күзгі еңбекпен таныстырдым. Күз мезгіліне сай ән, тақпақтар жаттатырдым. Күз туралы түсінік қалыптастырдым. Күз көрмесін ұйымдастырып, ата-аналарымен бірге қолөнер бұйымдарын сұратып көрме ұйымдастырдым.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы:

Біздің Отанымыз-Тәуелсіз Қазақстан!

Дайындаған: А.Д. Сүндетова

2024-2025 оқу жылы

Біздің Отанымыз-Тәуелсіз Қазақстан!

Тақырыбы: Біздің Отанымыз-Тәуелсіз Қазақстан!

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің болашағы-жас ұрпақтар бойына Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып,туған жері мен елін сүйуге,оны қорғай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Туы,елтаңбасы,әнұраны, слайд,желтоқсан құрбандарының суреттері,жалаушалар.

Жүргізуші:Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды күніміз,

Жарқырайды даламыз.

Біз бақытты баламыз,- дей отырып «Біздің отанымыз-тәуелсіз Қазақстан» атты ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймыз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады.

-Балалар,біз қандай ән орындадық?

-Қазақстан Республикасының әнұранын орындадық.

-Дұрыс айтасындар, балалар.Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны,туы,елтаңбасы болады.Біз оны рәміздер деп атаймыз.

Қуан халқым!

Қуанатын күн бүгін,

Серпін таста мұнды жүрек түндігін

Шарықтайық,шаттанайық,тынбайық

Тәуелсіздік күнін бүгін,

Халқым бірге тойлайық!

Біз тәуелсіз елдің түлегі болғанымызға шексіз қуанамыз.Отан әр жұмырбасты пенденің киелі мекені,жер басып жүрген әр тіршілік иесінің шексіз байлығы.Тәй-тәй басқан нәресте де, еңкейген қария да оның бір мүшесі. Біздің балаларымыз тәуелсіздік туралы тақпақтарын айтып берсін.

Қ.Аянат: Еліне қашанда сенер ұлын,

Елбасы болды қазағымның.

Т.Аянат: Тәуелсіздікті елге сыйлады,

Бейбітшілікті қалады.

Жігер:Елбасымыз саған мәңгі ризамыз,

Үлкен-кіші,ағайындар бәріміз.

Сайын: Бас алаңда ел жосқан,

Жастар қаны жуған түн.

16 желтоқсан –

Тәуелсіздік алған күн.

Әдемі:Аралаймын алаңды,

Тәуелсіздік күні мен

Батыр Қайрат ағамның,

Суретіне үңілем.

Мансур: Он алтыншы желтоқсан,

Тәуелсіздік алған күн.

Ерекше боп мәңгілік,

Ел жадында қалған күн.

Қ.Али: Он алтыншы желтоқсан
Ел мерейі тасыған.
Қазақ деген қалың жұрт,
Бәрін кешті басынан.

Ерасыл: Елбасымыз Нұрағаның бастауы,
Туды ұстап тура жолға түсірген.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар енді тақтаға назар аударайықшы(слайд). Біздің ата-бабаларымыз, ата-әжелеріміз тәуелсіздікке оңай жеткен жоқ. Биыл біздің тәуелсіздігімізге 26 жыл толып отыр. Біздің тәуелсіздігіміздің дәлелі - ол біздің елтаңбамыз, туымыз және де әнұранымыз. Қолдарымыздағы жалаушаларға назар аударайықшы. Бұл біздің туымыз. Біздің туымыздың ортасында сәуле шашқан жарқын күніміз орналасқан.
- Біздің күннің пішіне неге ұқсайды?
- Дұрыс айтасыңдар допқа, шарға ұқсайды. Ал күніміздің астыңғы жағында қыран бүркітіміз орналасқан. Қыран бүркіт бұл еркіндіктің, бостандықтың белгісі. Ендеше жаңа айтқан күніміздей шеңбер болып тұра қалайық.

Сергіту сәті:

- Әппақ болып таң атты, Топ-топ, топ басайық,
Түтін тіке шығады. Жалаудан күн жасайық.
Қыран бүркіт қанатын, Жаса, жаса алтын күн
Самғап биік ұшады. Жаса, жаса жарқын күн.

Ән: Ел қорғауға әзірміз.

Жүргізуші: Осымен «Күншуақ» тобы балаларының «Біздің Отанымыз-Тәуелсіз Қазақстан» атты ертеңгілігі аяқталды. Қазақстанымыздың көк байрағы желбіреп, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы:

Жасыл шырша жанында

«Күншуақ» кіші тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2024-2025 оқу жылы

Әуен қосылып балалар залға кіреді.

Жүргізуші: Сәлеметсіңдер ме құрметті Ата аналар, апайлар және кішкентай біздің ұл қыздарымыз жаңа жыл мерекесі құтты болсын.

Жаңа жылды біз тойлап.

Шаттанамыз бәріміз,

Өлеңде әзір ән әзір.

Кел жаңа жыл біздерге

Кел жаңа жыл, жаңа жыл деп келесі кезекті әнге бериік.

Ән «Шырша жыры»

Жүргізуші: Балалар бізге қонаққа біреу келе жатқан сияқты, тыңдаңдаршы, бір дауыс естіп тұрмын.

Ол кім болды екен? Сендер де естідіңдер ме?

Музыкамен залға қоян секіріп келеді.

Қоян: Мен қоянмын, қоянмын,

Ақ түске мен бояндым.

Сәбіз берсең балалар,

Әдемілеп тоямын.

Секіремін, жүгіремін,

Сендерге қарай келемін.

Қоян: қандай әсем шырша қандай әдемі балалар

Жүргізуші: Ұзын құлақ сұр қоян, сен қайдан келдің қайдан жүрсің

Қоян: Мен сендерді жаңа жыл мерекесімен құттықтауға келдім

Тәрбиеші: Олай болса қоян сен бізбен бірге жаңа жалды қарсы ал.

Қоян: Ия Ия бірге болуға келдім және өзіммен бірге жұмбақ ала келдім.

Балалардың қаншалықты тапқырлықтарын көрейін.

Қоян жұмбақ жасырады

1. Тікен тікен тік тісті,

Қысы, жазы бір түсті.

Ол не балалар? **Шырша**

2. Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тоңады. **(Қар)**

3. Терезеге қонады,

Әсем ою ояды. **(Қырау)**

Жүргізуші: Көрдінбе Қоян біздің балалар қандай тапқыр

Жүргізуші: Балалар, жарайсыңдар. Айтыңдаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?

(Балалардың жауабы) Аяз ата, Ақшақар дұрыс балалар

Жүргізуші: Кәнекей, ендеше бәріміз бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау - у - у - у! 3 - рет

Аяз ата: Аяз Ата:

Құтты болсын, балалар

Келген Жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіңдер

Еркелеп қыз, ұлдарым

өткен жылы келіп ем

Бәріңді де көріп ем

Жыл өткізіп келем деп

Уәдемді беріп ем

Ойларың мен бойларың да

Бірдей өсіп қалдыңдар ма?

Ал, мен кіммін айтыңдаршы
Мені тани алдыңдар ма?

Балалар: Аяз ата

Ақшақар: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды

Ақшақармын арайлы

Жалт - жүлт еткен жүзімнен

Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын

Қалай тыныш жатпақпын

Менсіз қыстың сәні жоқ

Әнім, жырмын, тақпақпын.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, аяз ата, ақшақар жол жүріп келдіңіздер отырып дем алыңыз.

Аяз ата: Ақшақар қызым ау мына шырша шамдары жағылмаған екен қане балалармен шырша шамын жағайық.

1, 2, 3 шырша жайнай түс.

Әсем әні де, биі де бар

Отыр ата, сәл дем ал.

Ән: «Аяз ата»

Жүргізуші: Аяз ата сізге біздің балалардың айтар тақпақтары бар екен:

Аянат:

Ақ қырауға малынған

Сақалыда мұртыда.

Аяз ата сағынған,

Сәлем берді жұртына.

Әдемі: Қала нұр, дала нұр,

Құтты болсың Жаңа жыл!

Жігер: Жасыл шырша орманнан,

Бізге арнайы келіпті

Ойыншығын балалар,

Шыршаға әсем іліпті.

Еламан: Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам он болсын

Төрле Төрле Жаңа жыл

Бізге Құтты жыл болсын

Арманбек: Тамаша, тамаша!

Шыршамыз тұр жараса.

Аяз ата: ой балалар өркендерің өссін қандай әдемі тақпақтар.

Ақшақар: Аяз ата, аяз ата.

Аяз ата: Не болды ақшақар қызым?

Ақшақар: Біреу шырша қасында ұйықтап жатыр.

Аяз ата: Бұл аю ғой ұйықтап жатқан. Қане, балалар аюды оятайық.

Бізбен бірге жаңа жыл мерекесін тойласын.

Жүргізуші: Балалар қол шапалақтап, аяғымызды топылдатып аюды оятайық.

Әуен қосылып

Аю: Ой мен ұйықтап қалыппын ғой, мынау деген әсем шыра көңілді балалар сендер қандай мереке тойлап жатсындар?

Жүргізуші: Аю сен ренжіме ұйқыдан оятты деп бүгін мереке кел бізбен бірге көңіл көтер.

Би: Флешмоб *Барлық бала биге шығады*

Аю: Рахмет балалар сендерге ұйқыдан оятқандарына мен енді өз достарыма барып оларды да мерекелерімен құттықтайын. Сау болсындар!

Балалар отырады.

Әуен қосылып көңілсіз мұрынын жоғалтқан аққала кіреді.

Жүргізуші: Ой балалар қараңдаршы бізге қонаққа аққала келді

Сәлеметсің бе ! Аққала неге көңіл күйін жоқ?

Аққала: Менің мұрыным түсіп қалып соны таба алмай жылап келемін

Сен мұңайма сенің мұрныңды табуға біздің балалар көмек теседі.

Солайғой балалар, көмек тесемізбе аққалаға

Сен аққала бізбен ойын ойнап көңіліңді көтер.

Аққала: әрине ойнаймын.

Ойын: «Қар кесектері»

Ойын арасында сәбіз табылады. (Ойын 2 рет қайталанады).

Ойынға қатысатын балалар:

Мадияр, Сайын, Зейнаб, Шырын

Аққала: Рахмет балалар мұрнымды тауып бергендеріңе және көңіл күйімді көтердіңдер! Енді мен мерекені достарыма барып ары қарай жалғастырайын. Жаңа жыл мереке құтты болсын!

Сау бол аққала енді үнемі ұқыпты болып жүр.

Жүргізуші: Аяз ата енді біздің балалардың жаңа жыл мерекесіне арнаған тақпақтарға кезек берейік.

Ерасыл:

Жаңа жыл Жаңа жыл

Жаңа жылға жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр

Сардар:

Жаңадан тақпақ,

аламыз жаттап.

Жаңа жыл келді,

Жаңа жыл аппақ.

Асия:

Ақ қар жапты даланы

Ақ жамылды айнала

Жарқыратып шамдарын,

Шырша келді ортаға

Мұхаммед:

Жаңа жылым,

Құтты болсын ағайын.

Сайын: Аппақ тонға оранып,

Базарлықты мол алып.

Келді алыс сапардан,

Аяз ата оралып.

Балалар сендерге көп рахмет

Балалар отырады.

Жүргізуші: Аяз ата біздің қыздардың сіздің ақшақар қызыңызға арнаған биі бар биге кезек берейік

Би: Ақшақарлар

Аяз ата: Олай болса менде бір ойын ойнайын Ал, қыздарым, ұлдарым бір ойын ойнайық.

Ойын: Ахалай, махалай

Жүргізуші: Ал енді тапқатарға кезек берейік.

Ару:

Жаңа жылда, балалар,
Тек қуаныш көріндер.
Ауырмандар ешқашан,
Мықты болу өзіңнен.

Т. Аянат :

Қуантып елді,
жаңа жыл келді.
Өсетін болдық,
бір жасқа енді.

Е. Әли:

Сағынып көптен күткен,
атамыз келеді.
Алақай, алақай
Көп сыйлық береді.

Қ. Али:

Аппақ, аппақ жапалақтап,
Қар жауады тынбастан.
Қалын орман қар жамылған,
Маужырайды түнгі аспан.

Мадияр

Жаңа жылым, жаңа жылым
Құтты болсын елім- ау.

Жүргізуші: Аяз ата ұлдардыңда жаңа жыл мерекесіне арналған билеріне кезек берсек қалай қарайсыз ата сізде билеуге болады.

Би: «Ақшақарлар» биі

Аяз ата сіз қалай ойлайсыз ата аналармен бір ойын ойнасақ.

Ойын: «Байпақ»

Аяз ата: Мына ата - аналар да мықты екен. Енді мен дем алсам деймін.

Жүргізуші: Рахмет ата аналар сіздерге көп

Балалар енді ескі жылмен қоштасатын уақыт келді.

Балалар бізде ескі жыл қандай жыл болды ?

Балалар: Әтеш деп жауап береді.

Әтеш пен ит бірге кіреді..

Салем балалар салем қонақтар мені таныдыңдар ма?

Балалар : ия сен Әтешсің

Әтеш: Ал менің досымды таныдыңдар ма?

Балалар: Ит деп жауап береді

Ия дұрыс айтасындар мен Әтешпін сендермен бір жыл дос болдым енді сендерді итке табыстаймын

Әтеш: Ескі жылым есіртке,

Жаңа жылым жарылқа Қош сау болыңдар!

Жаңа жыл мерекелерің Құтты болсын

Жүргізуші: Салем әтеш сен бізге бір жыл қомқор болдың бізге жақсы тілектер тіледің бірге болдық рахмет саған ризамыз рахмет бірге 2-3 рет.

Ит: Мен жаңа жылымын сендерге бақыт, молшылық, жақсылық әкелдім!

Сендермен дос боламын.

Жүргізуші: Балалар жаңа жылға ән айтып берейік.

Ән: «Шырша»

Аяз ата: Ал, айналайын Жаңа жыл, келген қадамына нұр бітсің! Мынау менің ұлдарым мен қыздарым, мынау халайық бір өзіне аманат

Балаларды қыс мезгілі туралы білім бере отырып, қысқы табиғатының ерекшеліктерімен таныстырдым. Қысқы мезгілінің негізгі белгілерін атап, ажырата білуге үйреттім. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа деген сезімдерін ояту болып табылатын. Жаңа жыл мерекесінде ән айтып, би билеуге және де көрініктерді тамашалауға үйреттім.

«Жасыл шырша жанында» атты мерекелік шарадан



«Алтын ұя» жеке бөбекжай- бақшасы

Тақырыбы:

«АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ...»

«Күншуақ» кіші тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2024-2025 оқу жылы

**1 наурыз-Алғыс айту күніне арналған
тәрбиелік шара**

Тақырыбы: «Алғысым шексіз...»

Мақсаты: балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту

Міндеттері: - ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;

- үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту;
- әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу
- "алғыс күні" ұғымының мағынасын ашу, балалардың түсіну, бұл ұғымдар маңызды болып табылады олардың әрқайсысы дамыту үшін мәдени құндылықтар мен адами қарым-қатынасын қалыптастыру;
- шығармашылық қабілеттерін, мәдени және этникалық төзімділік пен іскерліктерін дамыту;

Әдістері: сыни тұрғыдан ойлау технологиясының стратегиялары, ойын, түсіндіру, әңгімелесу.

Көрнекіліктері: ватман, түрлі – түсті қарындаштар, ребустар.

Барысы:

I. Ұйымдастыру

Ризашылық өлеңін оқу

Ризамын бүгінге,

Ризамын бүгінге,

Ризамын бүгінге,

Ризамын қазірге!

Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге,

Ризамын, ризамын, ризамын қазірге.

Талайлы тағдырлардың басын өз шаңырағының астына біріктіріп, қанатымен су сепкен қарлығаштай, қамқорлығына алған Қазақстанда адамның адамға құрмет көрсететін күні белгіленбек. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев барлық ұлттың бір - біріне және қазақтарға алғыс айту күнін бекітуді ұсынды.

II. Кіріспе.

Тақырыптың мақсатын түсіндіру.

Әңгімелесу

Ризашылық дегеніміз не?

Алғыс дегенді қалай түсінесіңдер?

- Адам өзінің ризашылығын, алғысын қандай сөздермен білдіреді?

- Сендерге кім қандай жағдайда алғыс айтты?
- Өздерің қандай жағдайда алғыс айтып көрдіңдер?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

III. Негізгі бөлім.

Ризашылық - адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезімі.

- Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай - ақ оның ойы мен іс - әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі.

Ризашылық ұғымымен тағы қандай ұғымдар байланысты? Адамдар арасындағы ынтымақты қарым - қатынастың орнауы әр адамның өзіне және қоршаған ортасына тікелей байланысты. Сондықтан «Ризашылық» атты Қазақстан елінің барлық оқушылары мен отбасылары қатысатын акциясы өткізіледі. Осы акция төңірегінде көмекті қажет ететін балалар мен ересек адамдарға ақшалай, тұрмысқа қажет құралдар мен киім - кешек түрінде көмек көрсетіледі. Осы акцияның негізін салушы Сара Алпысқызы.

"Ризашылығымызды білдіре аламыз ба ?"

1. Рахмет айту туған жерге...(ол береді маған нан, үй, азық-түлік және т. б.)
- 2.Рахмет айту еліміздің Президентіне, өйткені... (осындай елбасымыздың арқасында дамушы мемлекетте өмір сүріп жатқанымызға және тату-тәтті бейбітшілік өмір сүріп жатқанымызға)
3. Біз алғысымызды ата-аналарға айтқымыз келеді...
- 4.Рахмет айту біздің ата-ана мен балабақшаға...
- 5.Рахмет айту адамдарға достарыңызға...

Алғыс айту туралы тәрбие сағатында балаларға «сыйластық» құндылығы туралы түсінік қалыптастырдым. Балаларды алғыс айтуға тәрбиелеп, ризашылық пен алғыс туралы түсінік бердім. Үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын арттырдым.

«Алғысым шексіз..» атты тәрбие сағатынан



«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы:

« Ана» деп ән салам!

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Ана» деп ән салам!

Мақсаты: Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген көктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, табиғаттың жаңаруын, құлпыруын балаларға жеткізу. Ешқашан аналарын ренжетпеуге, қолғанат болуға, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Балалар «Вальс» әуенімен залға кіреді.

Жүргізуші: Қымбатты аналар, қонақтар «Күншуақ» кіші тобының
«Мерекенмен - анашым» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Бүгін наурыздың 8 – і

Сұлулықтың негізі

Әдемі сөз адамның

Анаға айтар лебізі

Сіздерді көктем айының алғашқы мерекесі 8 наурыз – аналар күнімен құттықтаймыз!
Өрқашан дендеріңіз сау, көңілдеріңіз жайдарлы бола берсін! Кішкентай бүлдіршіндеріміздің өнерлерін тамашалауға рұқсат етіңіздер!

Жүргізуші: Балалар қараңдаршы айнала қандай әдемі, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

Жүргізуші: Дұрыс балалар, көктем мезгілінде күн жылынып, қар еріп, жылы жақтан құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жарады, табиғат сұлулана түседі.

Жүргізуші: Көктем мезгілінің алғашқы мерекесі қалай Аналар күні! Қәне, балалар бәріміз бірге аналарымызға арнап ән айтып берейік.

Ән: «Ана деп ән салам»

Жүргізуші: Біздің балалар әнмен қатар тақпақты да айта алады. Аналарымызға арнаған тақпаққа кезек берейік.

Қ.Али: Жанымызды жайнатқан,

Сіздерсіз ғой аналар!

Зор ден саулық, мол бақыт

Тілейміз біз балалар.

Жігер: Әлпештеген, аялаған,

Ақ сүт берген апатайымы

Әдемі: Сәлем жолдап бүгін саған

Мерекенмен құттықтаймын

Ару: Бал бөбегін баптаған,

Мамам үшін мақтанам.

Аялайтын біздерді

Көп жасасын ақ мамам!

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Тыңдаңдаршы балалар ана жақта «Мама, мама» деген дауыс естіледі.

2 Жүргізуші: Бұл не дыбыс? Кім екен мамасын жоғалтқан?

Залға қоян кіреді.

Қоян: Мама, мама! Мамамның артынан секіріп келе жатыр едім. Адасып қалдым. Енді қайдан табамын? /жылайды/

1 жүргізуші: Қоянжан неге жылайсың , жылама. Біз саған маманды тауып береміз. Балалар қоянжанның мамасын тапқанша сендер қоянның көңілін көтеру үшін ән айтып берейік.

Ән: «Біз бақытты баламыз»

2 жүргізуші: Қоянжанның көңіл күйі әлі жоқ. Ендеше көбелектеріміз би билеп берсін.

Би: «Флешмоб»

Түлкі кіреді: Мен ешкімнен қорықпаймын. Мен бәрін де алдаймын. Қоянның қасына келіп: Қоян, сен неге жылайсың?

Қоян: Мен мамамды жоғалтып алдым.

Түлкі: Мамаң қандай?

Қоян: Менің мамам бәрінен де сұлу, әдемі.

Түлкі: Өтірік айтпа, менің мамам бәрінен әдемі. Ең әдемі менің мамам. (артына қарайды. Мамасы жоқ) Ой, менің мамам қайда? (Басын ұстайды). Мен мамамды жоғалттым. (Екеуі жылайды.)

1 жүргізуші: екеуіндн жыламандар сендердің мамаларын әдемі ,сұлу. Мамаларыңды тапқанша біздің балалар көңілдерінді көтеріп ойын ойнап алыдар.

Ойын: «Кім тез гүл тереді»

Ұлдар гүлдерді бір – бірлеп себетке салады, қыздар өкмыраға салып екі топ болып жарысады. Қай топ көп жинаса сол топ жеңімпаз атанады.

Аю келеді: Бұл не шу, ұйқымнан ояттыңдар ғой.

2 жүргізуші: аюжан ренжемеші мында қоян мен түлкі мамаларынан адасып қалыпты. олар жылай береді. Біздің балалар көңілдерін көтеру үшін би билеп берген болатын.

Аю: Ааааа. Ал, мамаларың қандай еді?

Екеуі: Сұп – сұлу, әп - әдемі!

Аю: Жоқ, жоқ, жоқ, менің мамам әдемі.

«Жоқ, менің мамам әдемі.», - деп үшеуі дауласады.

1 жүргізуші: Қәне дауласпаймыз. Бәріңнінде мамаларың әдемі , сұлу. Қараңдаршы сендердің жылағандарыңды көріп біздің ұлдардың сендерге арнап би билеп, тақпақ айтып бермекші.

Би : «Ерке қыз»

Имран: Мамаларды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз.

Е.Әли: Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

Еламан: Әжетайым, әжетай
Сізді жақсы көреміз.

Осы кезде ару көктем келеді.

Ару көктем: Саламатсыздар ма, балалар! Менімен бірге күн жылынып, айнала сұлуланып нұрланып тұр. Сендер неге шулап жатырсыңдар.

- Ой , менің ормандағы достарым мында екен ғой.

Жүргізуші: Тоқтаңыз көктем , біздің балалар 8 наурыз Аналар мерекесін тойлап жатырмыз.Біздің балалардың сізге арнаған тақпағы да бар, тамашалаңыз.

Сайын: Көктем деген қыстағы

Әніміз ғой айтатын.

Мухаммед: Көктем деген құстар ғой,
Туған жерге қайтатын.

Арманбек: Көктем күні шуақты,
Көктем күні қуатты.

Асия: Мал жағалап суатты
Сай –саламен су ақты.

1 жүргізуші: Барлығымыз бірге бойымызды сергітіп алайық.

Ән: «Бір оңға, бір солға»

Ару көктем: Рахмет балалар ,көңілімді көтердіңдер.Мен сендерге өзімнің сыйлығымды ала келдім.Енді мен достарымды Түлкіжан,Аюжан,Қоянжанды мамаларына апарайынСау болыңдар , балалар!

Жүргізуші: Кейде осындай айтқанды тыңдамай, мамасынан адасып кететін балалар кездеседі. Бірақ, біздің арамызда ондай бала жоқ. Біздің балалар мамаларының айтқанын тыңдайды,сыйлап, құрметтеп жүреді.

Жүргізуші: Дұрыс айтасын, біздің балалар тәртіпті.! Міне бүгінгі ертеңгілігіміз де аяқталып қалды. Аналарына, әжелеріңе өз қолымен жасаған сыйлықтарыңды беретін сәтте келді. Балалар аналарына сыйлықтарын ұсынады.Сау болыңыздар!



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы:

Қош келдің, әз Наурыз!

(«Күншуақ» кіші тобы)

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2024-2025 оқу жылы

Қош келдің, әз Наурыз!

Сценарий мақсаты: Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.

Сценарий көрнекілігі: Нақыл, қанатты сөздер, киіз үй, дастархан, суреттер көрмесі.

Балалар музыка әуенімен залға кіріп екі үш қимыл жасап жарты шеңбер болып тұрады.

Жүргізуші: Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын! Наурыз – «жаңа күн» деген сөз. Бұл күн – біздің ата – бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған Наурызда денсаулықтарыңыз мықты болсын, тілектеріңіз қабыл болсын!

Жүргізуші: Наурыз – көктем мерекесі. Наурыз – жыл басы. Наурыз – жаңа серпін, жаңа леп.

Жүргізуші: Наурыз – қуаныш мерекесі, Бақыт пен шаттық мерекесі. Наурыз тойда балаларға ата-аналары, ата-әжелері «Көрісу» мен «Тұсау кесу» рәсімін көрсетеді.

Тақпақтар:

Әсия:

Көктем келді, балақай,
Жасарды жер, алақай.
Наурыз тойын тойлайық,
Әсем әнге салайық.

Қ.Аянат:

Жылдың басы Наурыз,
Жердің басы Наурыз.
Мерекеге арналсын,
Бүгінгі жыр әніміз.

Сардар:

Наурыз тойы салтанат,
Наурыз тойы мархабат.
Әр жүректен ән тарап,
Шаттанады шартарап.

Жүргізуші:

Жиналыппыз сәтті күні бәрімізде,

Үлкен кіші жасымыз,кәрімізде.
Төрлетіндер қадірменді қонақтар,
Гүл гүл жайнап біздің мына төрімізге.

Ән: «Алақай,Наурыз!»

Жүргізуші: Көктем келді,Наурыз келді,
Жер көгерді,ел көгерді.
Дастарханын жайып дархан,
Жақсылық пен бақыт шашқан.

Сіздерге деген балаларымыздың жылы лебіздерін қабыл алыңыздар.

Тақпақтар:

Ерасыл:

Наурыз той тамаша,
Наурыз тойы жаңаша.
Табиғатта тамаша,
Тамылжып тұр жараса.

Зейнаб:

Наурыз келді,алақай.
Кел билейік,алақай.
Бізде қарап тұрмайық,
Тойға шашу шашайық.

Е.Әли: Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.
Байлық бақыт тілеймін,
Бүкіл қазақ еліне.

Жүргізуші: Балалар біз көктемді қандай белгілері арқылы ажыратамыз?
Көктемде қандай өзгерістер болады?

Балалар: Күн жылынады, қар ериді,кұстар ұшып келеді.

Жүргізуші: Көктемде қандай мейрамдар болады?

Балалар: Аналар мерекесі, көрісу айт, Наурыз мейрамы.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар келесі кезекте бұл ән сіздерге аранлады.

Ән: «Көктем»

Жүргізуші: Көктем келді, қыс келді, Билейміз біз саз илеп. Біздің жаққа
көлге енді, Былтыр кеткен қаз үйрек. Музыкамен **Алдар** көсе кіріп келеді.

Алдар: Мен Алдармын,Алдармын,
Досымын адал жандардың.

Жақсыға талай серік боп,
Жаманға талай алдадым.

Ааааааа деп ортаға тұрады жан жағына қарап біреуді іздегендей болады.

Алдар: Кімді алдасам екен ә?

Бала: Алдеке кімді іздеп тұрсын?

Алдар: Алдайтын адам іздеп тұрмын.

Бала: Жоқ! Бізді алдай алмайсыз

Алдар: Олай болса ойын ойнап көрейік.

Ойын: «Арқан тартыс»

Би: «Тұлпарым» ұлдар биі

Алдар көсе кетіп қалады.

Жүргізуші: Наурыз келді балалар, Көктеді қыр жағалар. Наурыз тойын тойлайық, Жаңа жылда ағалар.

Тақпақтар:

Ару: Наурызбен құттықтап,
Алыс жақын қауышты.

Көктемдегі жарқын сәт,
Көңілдрге ауысты.

Аянат: Жыл басы-Наурыз мереке,
Ақ нұрға әлем боянды.

Наурыз тойы береке,
Тіршілік жаға оянды.

Дәм тату.

Бата беру: Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын.

Қайда барсан жол болсын,
Елімізде бақыт байлық болсын.

Жүргізуші: Ұлыстың ұлы күні Наурыз тойымыздың мекекесі аяқталды. Сау болыңыздар!

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына «Қош келдің Әз Наурыз» тақырыбында мерекелік ертеңгілігіміз өтті. Топ ішін ата – аналар көмегімен, қазақ бұрышы жасалып,

наурызға арналған дастархан жайылды. Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет – ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, салт - дәстүріміздің бір түрі тұсау кесу дәстүрін көрсеттік. Аянаттың атасы-әжесі қонақ болып келді.

«Қош келдің Әз Наурыз» атты мерекелік шарадан



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы:

«Мен ғарышкер боламын»

(«Күншуақ» кіші тобы)

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Мен ғарышкер боламын»

Білім беру саласы: «Әлеумет»

Оқу қызметі: Қоршаған ортамен таныстыру

Мақсаты: Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру.

Балалардың сөздік қорларын байыту. Экологиялық сана қалыптастыру және дамыту.

Табиғат сұлулығын сезінуге, оны қорғауға, батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: әңгімелеу, түсіндіру, ой қозғау, көңіл-күйді көтеру, сурет бойынша әңгіме, ойын, сұрақ-жауап, қорытынды.

Көрнекілігі: слайд бойынша тақырыпқа байланысты суреттер, ғарышкерлер суреттері

Сөзік қоры: ғарыш, ғарышкер, ғалам

Билингвальды компонент: ғарыш – космос - space, (спейс) ғарышкер – космонавт - cosmonaut, (космоноцт) ғалам – мир – peace (пис)

Алдын-ала жүргізілген жұмыс: балаларға ғарышкерлер туралы ән мен тақпақтар жаттату.

Шаттық шеңбері.

Армысың асыл күн!

Армысың асыл жер!

Армысың көк аспан!

Армысың достарым!

Жылуыңа жылу қос.

(Балалар шеңберге жиналып, қызығушылықпен айтады).

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктемде табиғат қандай құбылыстарға өзгереді?

-Көктемнің неше айы бар? Айларын атаңдар.

-Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?

-Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады.

-Ғарышкерлер дегеніміз кімдер?

-Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар.

-Балалар аспаннан нелерді көруге болады?

Тосын сәт.

Аспан әлемінен қонаққа Жұлдыз келеді.

Жұлдыз балаларды аспан әлеміне саяхатқа апарады.

-Біз, қазір балалар, аспан әлеміне барамыз. Кәне, барлығың еркін отырып, көздеріңді жұмып, көз алдарыңа аспанда ұшып жүргендей болып елестетіңдер

(үнтаспадан музыка әуені естіледі). Біз ұшаққа отырып, аспанға көтерілдік. Аспанда күн бізге күлімсіреп қарап сәулесін шашып тұр. Кенет аспан әлемінде ай көрініп, жымыңдап жұлдыздар да көріне бастады. Біз жоғарыға көтерілген сайын суық ауаны сезіне бастадық. Денеміз тоңғандай болды. Біздің қасымыздан қатты жылдамдықпен бір құс ұшқандай болды. Ол құс ғарыш кемесі – зымыран екен. Қайтатын уақытта жақындады. Енді біз Жер планетасына ораламыз (балалар көздерін ашады).

Жұлдыз: -менің де сенімен қоштасатын уақыт болды. Басқа да балаларды аспан әлеміне саяхатқа апарайын. Балалармен қоштасады.

Балаларға ғарыш туралы түсінік беру.

-Мынау аспан әлемі. Аспан әлемінде көптеген жұлдыздар, шоқ жұлдыздар бар. Аспан әлемінде 9 ғалам бар. Сол ғаламның үшіншісі Жер деп аталады. Ал біздер сол Жер ғаламында өмір сүреміз.

-Балалар сендер қандай әуе көліктерін білесіңдер?

-Иә, ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп те атаймыз. (зымыран суреті мен макетін көрсету). Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Біз бүгін ғарышкер ағалармен, аспан әлемімен танысамыз.

Слайд арқылы әңгімелеу. (суреттерін көрсете отырып)

Ең бірінші адамдар айға ұшпас бұрын тірі дененің баруы үшін Лайка деген итті ғарышқа ұшырған екен. Жерге қонғаннан кейін оның денесіне, қанына тексеру жүргізіп, ғарышқа адамның да баруға болатынын білген.

Ең алғаш ғарышқа ұшқан Ресей азаматы ол Юрий Гагарин. Ол 1961 жылы 12 сәуірде тарихта тұңғыш рет «Восток» ғарыш кемесімен Байқоңыр ғарыш алаңынан ғарышқа ұшты.

Ол Мынау ғарышқа дайындалып жатқан кезі.

1991 жылы Қазақстаннан алғаш ғарышқа ғарышкер Тоқтар Әубәкіров ұшты.

Екінші болып ғарышқа қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев ұшты. Олар ержүрек, батыр, халық қаһармандары, еліміздің мақтанышы.

Мынау Байқоңыр ғарыш айлағы. Ол Қазақстанның Қызылорда облысында Қармақшы ауданы деген жерде орналасқан. Ғарышқа ұшар алдында олар әртүрлі дайындықтан өтіп, арнайы білім алады.

Ғарышта адам демалатын ауа жоқ, көлеңке жағы қатты суық, күн түсіп тұрған жағы өте ыстық болады екен. Ғарышкерлер үстеріне арнайы киім киеді. Ол скафандр деп аталады. Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ болғандықтан тек осы арнайы киіммен жүре алады екен.

-Балалар, біз ғарыш, ғарышкерлер туралы тақпақтар жаттап едік қой. Кәне, есімізге түсірейікші.

Аспан,аспан, арайлым,

Саған жиі қараймын,
Сені көзбен шоламын,
Мен ғарышкер боламын.
Ғарышкер менде боламын,
Боламын десем боламын.

Балалар, сендер ғарышкер болғыларың келе ме?
-Балалар, кәне бойымызды жазып ән шырқап алайық.

Сергіту сәті:

Ал балалар тұрайық,
Алақанды ұрайық .
Оңға қарай бұрылып,
Солға қарай бұрылып,
Бір отырып, бір тұрып,
Бой сергітіп алайық.

Ойын: «Жартысын тап» Ғаламшарлар ойыны

Ойын шарты: балалардың алдына аспан денелерінің жарты бөлігін беру.

Солардың жартысын табу.

Жеке жұмыс: «Зымыран» суретін бастыру әдісімен бояу

Зымыран туралы әңгімелеу.

Жаңылтпаш.

Ғарышкер ұшты ғарышқа,
Ғарышқа ұшты ғарышкер,
Айтшы, ғарыш алыс па?

Қорытындылау.

Сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін пысықтау.

-Балалар бүгінгі күн қалай аталады?

-Ғарышкер дегенді қалай түсінеміз?

-Біздер қандай ғаламда тұрамыз?

-Ғарышқа сынақ ретінде бірінші болып қай жануар ұшты?

-Ғарышқа ұшқан орыс азаматы кім?

-Қазақ елінен кім ғарышкерлер ғарышқа ұшты?

-Ғарышқа киетін киімді не деп атайды?

Неге арнайы киім киеді?

Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапар, ғарыш алаңы Байқоңыр, зымыран, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері, ғарышкерлердің киімі туралы;

Түсінеді: Ғарыш әлеміне тұңғыш ұшқан орыс азаматы Ю.Гагарин, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаев туралы мәліметтерді;

Қолданады: Ғарыш әлеміне арнайы ғарыш кемелерінің ұшатындығын, ғарышкерлердің арнайы дайындықтан өтетіндігін, олардың арнайы киімдерінің болатындығын.

Неге арнайы киім киеді?

Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапар, ғарыш алаңы Байқоңыр, зымыран, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері, ғарышкерлердің киімі туралы;

Түсінеді: Ғарыш әлеміне тұңғыш ұшқан орыс азаматы Ю.Гагарин, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаев туралы мәліметтерді;

Қолданады: Ғарыш әлеміне арнайы ғарыш кемелерінің ұшатындығын, ғарышкерлердің арнайы дайындықтан өтетіндігін, олардың арнайы киімдерінің болатындығын.

Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту. Экологиялық сана қалыптастыру және дамыту. Табиғат сұлулығын сезінуге, оны қорғауға, батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға үйретілді.

12- сәуір «Ғарышкерлер күніне» арналған көрме ұйымдастырылды. Ата-ана мен балаларымыздың ғарыш, ғарышкерлер, аспан әлемі туралы қолдан жасалған бұйымдар жасалып әкелінді.

«Мен ғарышкер боламын» атты тәрбие сағатынан



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы:

«Дос болайық бәріміз»

«Күншуақ» кіші тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: Балаларға достық туралы түсініктерін жетілдіру және басқа ұлттармен қарым-қатынасты нығайту. Сыйластық, ынтымақтастық туралы түсінік беру. Тақпақ, өлең арқылы, сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін, адамгершілік құндылықтарын дамыту. Отанын сүйуге, достыққа, адамгершілікке, татулыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Әр ұлттың киім үлгілері және ұнтаспа, тақия, арқан, домбыра, шарлар, биітшілік құсы, көгершіннің суреті.

Зал шарлармен безендірілген. Балалар залға әдемі әуенмен кіреді.

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, бүлдіршіндер! 1-Мамыр – Қазақстан халқының ынтымағы мен бірлігі мерекесі құтты болсын!

Бүгінгі күн ерекше, өйткені 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі қарсаңында «Дос болайық бәріміз» атты ертеңгілік өткізіліп жатыр. Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен. Олардың салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған.

«Бірлік бар жерде- тірлік бар» дейді дана халқымыз.

Еліміз өркен жайып, әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенелсін. Олай болса мерекемізді ән ұранымызбен бастайық.

Ән ұран.

Жүргізуші: Балалар біздер қандай мерекені тойлап жатырмыз?

Балалар: Достық. Бірлік. Ынтымақтастық мерекесі.

Жүргізуші: Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар: Қазақстан.

Жүргізуші: Ал біздің ел ордамыз қалай аталады?

Балалар: Астана.

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар, балалар сендер білесіндер ме, біздің елімізде өзге ұлт өкілдері де тұрады. Олар орыс, татар, өзбек, кәріс, испан, үнді.

Жүргізуші: Ендеше балалар осы мерекеге арналған тақпақтарымызды айтайық.

Тақпақтар:

Зейнаб: Празник дружбы и весны.
Кто живет на свете,
Мира желая,
Вместе с нами встретит.

Ару: Дос болайық бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.
Тыныштық сақтаймыз,
Атсын күліп таңымыз!

Әдемі: Мамырдың бірі,
Достық күні.
Ән салып,
Билеген халықтың үні.

Аянат: Тұтасып, тойлаған ұлттар,
Керемет мереке,
Мамырдың бірі.

Қ.Али:

Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.

Жүргізуші: Бүгін қызық бүгін той,

Біздер үшін біліп қой.

Ән де салып, би билеп,

Жалғастырсын ойды- ой. – деп ендігі кезегімізді өзбек ұлтынан келген биші қызымыздың өнерін тамашалаймыз.

Би: «Өзбек» биі

Жүргізуші: Ал енді балалар Өзбек ұлтының «Тақия алмақ» ойынын ойнайық.

Ойын: «Тақия алмақ»

Жүргізуші: Бәрекелді балалар, ендігі кезегімізді Испан елінен келген қонағымызға берейік. Ортаға Испан бишісін шақырамыз.

Би: «Испан» биі

Жүргізуші: Мерекені әрі қарай жалғастырып, балалардың Достық туралы тақпақтарға кезек берейік.

Жігер: Достық – шырағымыз,
Достық – ұранымыз.

Е.Әли: Достық туымыз,
Достық әніміз.

Мансур: Дос болайық бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.

Мұхаммед: Тілегіміз әділдік!
Ашық болсын кең аспан!

Ерасыл: Бибітшілік ұраны
Жарқыраған алтын күн.

Жүргізуші: Балалар бізге орыс ұлтының қонақтары өнерін көрсетемін деп отыр. Ендеше қонағымызды шақырайық.

Би: «Орыс» биі

Жүргізуші: Балалар біздің қонақтарымыз шеттерінен өнерлі екен. Енді Үнді, Кәріс ұлтының биін тамашалайық.

Би: «Үнді » биі.

Би: «Кәріс » биі.

Жүргізуші: Балалар сендер қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?

Балалар: Асық ату, орамал тастамақ, арқан тарту, сақина салу, қыз қуу.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар, қонақтарымызбен біргелесіп арқан тартыспақ ойынның ойнайық.

Ойын: «Арқан тарту»

Жүргізуші: Бізде неше түрлі ұлттың қонақтары билеп жатыр, балалар өзіміздің қазақ ұлтымыздың өнерінде қонақтарымызға көрсетейік.

Биші десе билейді

Аяқтары бір жерге тимейді.

Ортада шаттық көңілмен,
Қазақ қыздары би билейді .

Би: «Қазақ» биі

Жүргізуші: Құрметті қонақтар біздің мерекеге келген қонақтарымыз өздерінің мерекелік тағамдарында ала кепті. Ендеше әр ұлт өз тағамдарын таныстырып өтсін.

Ата-аналар шығып таныстырады.

Жүргізуші:

Бойымда әні бұлақ жатыр бұрқырап,
Сол бұлақтан сыр ағыздым жыр құрап.
Тілейтінім барша жұртқа бір ғана,
Ырыс, бақыт, татулық пен ынтымақ. –дей отырып бүгінгі
мерекемізді «Балдырған » әнімен аяқтаймыз.

Ән: «Балдырған»
Жүргізуші: Құрметті қонақтар осымен «Дос болайық бәріміз» атты ертеңгілігіміз осымен аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет. Тағыда мерекелеріңіз құтты болсын.

«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы:

**7 мамыр - Отан қорғаушылар күні
(Кішкентай болсақта ел қорғауға әзірміз)
атты тәрбиелік шара**

«Күншуақ» кіші тобы

Дайындаған: А.Д.Сүндетова

2024-2025 оқу жылы

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні (Кішкентай болсақта ел қорғауға әзірміз)
атты тәрбиелік шара

Армысыздар, ардақты азаматтар,
Отбасының тірегі, елді бастар.
Құтты болып мереке баршаңызға
Бақ-береке әкелсін отбасыңа!

Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Біз осындай жандардың ержүрек істеріне сай сый-құрмет көрсете отырып, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, еңбекте жеміс пен шығармашылық табыстар тілейміз. Бүгінгі **7-мамыр** Отан қорғаушылар күні мерекелеріңіз құтты болсын! Сіздердің құрметтеріңізге арналған мерекелік ертеңгілікке қош келдіңіздер!

Тәрбиеші: ҚР әнұраны

Ағалар біздің кең арқау асқарымыз,
Жолын қуар солардың жастарымыз.
Абзал жанды ақылгөй ағаларға
Ілтипатпен иілген бастарымыз.
Еңбектерің жемісті қиыр шың боп,
Шапағатты шуақ - нұр құйылсын көп.
Шын жүректен құттықтап біз тілейміз:
Бар жақсылық, бар бақыт бұйырсын деп.

Балалардың тақпақтары:

Қ.Аянат: Әлем сүйген салтымыз бар
Бейбітшілік ел ұраны.
Өмір сүйген халқымыз бар,
Бейбіт елдің біз ұланы.

Қ.Али: Халықтар өмірді қорғайды,
Әділет ұранын қолдайды.
Шырқандар, кел достар, әр елде,
Бейбіт күн жасасын әлемде!

Мадияр: Қорғау үшін өмір көркін
Бүгіннен де ертең нұрлы.

Ару: Кең далам, таулы орман.
Ұл мен қыз қорғаймыз,
Бақытты ұлы Отан.
Отан,ұлы Отан

Шырын:

Ардақты ағаларға шын көңілден
Жолдаймыз алғыс пенен сәлем бүгін.

Тәрбиеші:

Өздерің асқар таулар, қарлы шыңдар
Сұлуға лайықты жармысыңдар
Мерейлі мерекемен құттықтаймыз
Ерлері бейбіт күннің армысыңдар!
Боп олар жүре берсін ел еркесі
Ұстазбен кірер шәкірт берекесі
Құтты болсын ағайын баршаңызға
Ұлан күнгі, жеңістің мерекесі.

Қыздар биі: «Гүлдер»**Ойын: «Күш сынаспақ»**

Мақсаты: Балаларды шапшандыққа тәрбиелей отырып, озат болуға баулу.

Ұлдар биі: «Батырлар»

Деменіз біз өнерді аяп қалды,
Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.
Қош болып тұрыңыздар көріскенше,
Осымен концертіміз аяқталды.

Сау-саламатта болыңыздар!

Менің мақсатым балаларға өлең жаттату арқылы есте сақтау қабілеті мен шығармашылық қиялдарын дамыту, Отанын қастерлеп, қорғай білуге тәрбиелеу. Ертегі, өлең, әңгімелерді тыңдауға, ондағы оқиғалардың өрбуін бақылауға, оларды әңгімелеуге тәрбиелеу. Адамдармен сенімді қарым-қатынас құра білуге үйрету, кейіпкерлердің қарапайым қарым-қатынастарын бақылауға, оларды әңгімелеуге тәрбиелеу болып табылатын

«Ел қорғауға әзірміз» атты отан қорғаушылар күніне арналған тәрбие сағаттан



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тәрбие сағаттың тақырыбы:

Жеңіс алауы

(«Күншуақ» кіші тобы)

Дайындаған: тәрбиеші А.Д.Сүндетова

2024-2025 оқу жылы

Жеңіс күніне" арналған кіші топтағы тәрбие сағаты

Тақырып: "Жеңіс алауы»

Мақсаты: балалардың Ұлы Отан соғысы және "Жеңіс күні" мерекесі туралы білімдерін қалыптастыру.

Тапсырмалар:

1. Ұлы Отан соғысы және "Жеңіс күні" мерекесі туралы алғашқы түсінік беру
2. Балаларды "соғыс" ұғымымен, жауынгерлерімізді ерлікпен қорғау, Жеңіс күнінің халқымыз үшін маңызы туралы таныстыру.
3. Соғыс ардагерлерін құрметтеуге, Отанға деген сүйіспеншілікке, бейбіт өмір сүруге деген құштарлыққа тәрбиелеу.

Тәрбие сағаттың барысы:

1. Ұйымдастыру сәті

Жеңіс күні туралы әңгімелесу және сіздермен соғыс ойындарын ойнау.

Жеңіс күні дегеніміз не?

Бұл таңғы шеру.

Танктер мен зымырандар келе жатыр

Бір сарбаз шеруге шығады.

Жеңіс күні дегеніміз не?

Бұл мерекелік отшашу.

Отшашулар аспанға атылады

Мұнда және мұнда қирау

Жеңіс күні дегеніміз не?

Бұл дастархан басындағы әндер

Бұл баяндамалар мен әңгімелер.

Бұл атаның альбомы

Бұл жемістер мен кәмпиттер,

Бұл көктемнің иісі

Жеңіс күні дегеніміз не?

Бұл соғыс жоқ дегенді білдіреді.

2. Тәрбие сағаттың негізгі бөлігі

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында және біздің Отанымызға маусымның басында таңертең фашистік Германия атынан жау – немістер шабуыл жасады. Олар біздің Отанымызды жаулап алып, орыс халқын құртқысы

келді. Бүкіл халық өз Отанын қорғауға көтерілді. Орыс әскері халықтың көмегімен жауларын жеңді. Соғыс 9 мамырда аяқталды. Жеңіс күні бүкіл ел бойынша мерекелік шерулер ұйымдастырылады.

- шеруге сіздермен бірге қатысайық

Мұғалімге "Жеңіс" маршы кіреді. Балалар мұғалім және солдат Игнатпен бірге шеруге шығады

- сондай-ақ, бұл күні адамдар әскери ескерткіштерге гүл шоқтары мен гүлдер қояды. Әдетте оларды әр қалада жанып тұрған "Мәңгілік алауға" әкеледі. Адамдар соғыстың қаншалықты қорқынышты болғанын ешқашан ұмытпауы үшін. Мұндай от біздің қалада – Новосибирскіде де бар. Ол Даңқ монументінде болуы керек.

Мұғалім иллюстрациялар көрсетеді

3. Балаларға арналған қозғалмалы және отырықшы ойындар

- Балалар, солдат Игнат сенімен бірге соғыс ойындарын ойнағысы келеді. Балалар соғыс ойындарын ойнайды:

Р/ І: "Ұшақ"

Ұшақ өзіміз тұрамыз,

Ормандардың үстімен жүрейік,

Орман үстінен асығамыз

Сосын анама қайтамыз.

Депутат / Және: "Қайық"

Қайық жүзіп, жүзіп келеді,

Кеме бақытты, бақытты

Сізге және маған сыйлықтар.

4. Тәрбие сағаттың қорытынды бөлімі.

- Жеңіс күні мерекелік отшашумен аяқталады. Теледидарды қосады. танымдық бағдарламада Маша мен аю балалардан Жеңіс күні туралы сұрайды

- балалар, сендер бүгін қандай мерекемен таныстыңдар?

- біздің Новосибирск қаласында қандай от жанып жатыр

- Жеңіс күні немен аяқталады?

"Ұлы жеңіс жалауы!" тәрбие сағатының мақсаты балаларды адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамыттым. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу жұмыстарын жүргіздім

